



ОБЩАЯ ИСТОРИЯ – ОБЩЕЕ БУДУЩЕЕ

В преддверии 1 мая – Дня единства народа Казахстана – в центре внимания оказываются истории людей, для которых понятия мира, согласия и взаимопомощи имеют не абстрактный, а глубоко личный смысл. Одна из таких историй – судьба семьи председателя корейского этнокультурного объединения города Конаев Галины Ким.

Сегодня в Конаеве в согласии проживают представители около 20 этносов. Одним из активных общественных институтов остаётся корейский этнокультурный центр, который действует уже почти 30 лет. На протяжении последних лет его возглавляет Галина Ким.

История её семьи уходит в трагический 1937 год, когда более 100 тысяч корейцев были насильно переселены с Дальнего Востока в Казахстан и страны Центральной Азии. Отец Галины Ким – Алексей Хегай – оказался в селе Уштобе. Позже он был мобилизован в трудовую армию и участвовал в строительстве Бухтарминской гидроэлектростанции.

В 1965 году вместе с организацией «ИртышГЭСстрой», задействованной в строительстве Капшагайской ГЭС, семья переехала в посёлок Ново-Илийск – нынешний город Конаев.

– Я тогда училась в пятом классе. С тех пор вся моя жизнь связана с этим городом, – рассказывает Галина Ким.

Сегодня корейский этнокультурный центр активно участвует в жизни города: проводит культурные мероприятия, фестивали, знакомит жителей с национальными традициями. Одним из ярких событий стал республиканский фестиваль корейской культуры «Тано», организованный в рамках проекта «Наше единство – в многообразии», приуроченного к 30-летию Ассамблеи народа Казахстана.

Особое внимание в центре уделяется образованию. Здесь действует курс корейского языка, который посещают не только представители корейского этно-



са, но и казахи, русские и другие жители города.

Инициатором создания курсов стала сама Галина Ким. Ранее она возила свою внучку на занятия в Алматы, но позже решила организовать обучение в Конаеве.

– Хотелось, чтобы у детей была возможность изучать язык здесь, не выезжая в другой город, – отмечает она.

За последние годы этот проект дал конкретные результаты: девять выпускников продолжили обучение в Южной Корее, получили образование и уже работают по специальности. Некоторые поступили в высшие учебные заведения.

Одним из крупнейших проектов, реа-



лизуемых сегодня при участии корейской диаспоры, является культурно-деловой центр «K Park» в Alatau City. Инициатива принадлежит председателю Ассоциации корейцев Казахстана Юрию Цхаю и приурочена к 90-летию проживания корейцев в Казахстане.

12 сентября 2025 года в Алматинской области состоялась закладка первого камня будущего комплекса. Проект задуман как символ благодарности казахскому народу, который в тяжёлые годы принял и поддержал переселенцев.

Завершение строительства планирует на осень 2027 года.

– Мы хотим собрать представителей

корейской диаспоры со всего мира и показать, что благодаря поддержке казахского народа мы не только выжили, но и смогли добиться успеха, – отмечает Галина Ким.

Сегодня живых свидетелей депортации остаётся всё меньше, однако память о тех событиях бережно сохраняется в семьях. Потомки переселенцев хорошо знают, что именно поддержка местных жителей помогла их предкам выжить и начать новую жизнь.

В советский период корейцы были лишены возможности сохранять язык и культуру. Попытки обучать детей родному языку нередко пресекались. Сегодня ситуация изменилась: новое поколение не только возвращается к своим корням, но и активно изучает государственный язык.

Так, внучка Галины Ким с детского сада обучалась в казахской группе, а сейчас учится в четвёртом классе казахской школы и свободно владеет языком.

В Конаеве представители разных этносов вместе отмечают Наурыз и другие праздники. За одним столом соседствуют блюда казахской и корейской кухни, а общие ценности – уважение к старшим, семейные традиции – становятся основой для взаимопонимания.

Нередки и межнациональные браки, что ещё больше укрепляет связи между людьми.

– Моя жизнь напрямую связана с городом Конаев и казахским народом. Я благодарна за возможность жить среди людей с открытой душой. В Казахстане созданы все условия для развития культуры, языка и традиций каждого этноса, – говорит Галина Ким.

По её словам, сохранение межэтнического согласия – это государственная политика, но также и результат повседневного уважения и взаимной поддержки. Именно это, считает она, остаётся главной ценностью, которую необходимо беречь и передавать следующим поколениям.

Назерке ИНАҚЫНОВА



ҚОНАЕВТА МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ ВИЦЕ-МИНИСТРІ ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСТІ

Жұмыс сапары Іле ауданындағы Нұрғиса Тілендиев атындағы мәдениет үйінен басталып, Қонаев қаласындағы кітапхана мен мәдениет нысандарын аралаумен жалғасты. Одан кейін мәдениет үйінде өткен кездесуге шамамен 200 адам қатысып, ашық форматта пікір алмасу ұйымдастырылды.

Рустам Әли өз сөзінде Қонаев қаласының дамуына тоқталып, өңірде инфрақұрылымды дамыту, тұрғын үй құрылысы, білім беру және мәдениет салаларында нақты жобалар жүзеге асырылып жатқанын айтты. «Сіздердің белсенді азаматтық ұстанымдарыңыз – өңірдің дамуының басты қозғаушы күші», – деді ол.

Вице-министр ақпарат саласына ерекше назар аударды. Оның мәліметінше, бүгінде Қазақстанда 5 229 бұқаралық ақпарат құралы тіркелген, оның ішінде 3 150 мерзімді басылым, 247 телеарна, 96 радио және 1 424 ақпарат агенттігі мен интернет ресурстар бар. Рустам Әли қазіргі жағдайда кез келген азаматтың ақпарат тарата алатынын атап өтті. «Сондықтан әрбір жарияланған ақпарат үшін жауапкершілік артады», – деді ол. Сонымен қатар ол «Масс медиа туралы» және «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» заңдардың қабылдануы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталғанын жеткізді. Жалған ақпарат таратқандарға 20-дан 250 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл қарастырылған.

Мәдениет саласына тоқталған Рустам Әли Қазақстанда ЮНЕСКО тізіміне енген 10 тарихи-мәдени ескерткіш бар екенін айтты. Алматы облысында республикалық маңызы бар 10 және жергілікті маңызы бар 799 ескерткіш тіркелген. Оның сөзінше, мәдениет саласын цифрландыру бағытында нақты жұмыстар жүргізіліп жатыр: «E-museum» платформасы арқылы 275 музейдің ақпараты мен 65 мыңнан астам экспонат қолжетімді болған, ал «E-Archiv» жүйесінде 2 миллионнан астам құжат цифрлық форматқа көшірілген. «Цифрландыру халыққа жедел әрі сапалы ақпарат жеткізуге мүмкіндік береді», – деді вице-министр.

Сондай-ақ ол мәдени инфрақұрылымды дамыту мәселесіне тоқталып, Қонаев қаласында Қазақ драма театрының

Қонаев қаласында Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат вице-министрі Рустам Әли Алматы облысының тұрғындарымен кездесті. Кездесу барысында ол мәдениет, ақпарат, жастар саясаты және азаматтық қоғам салаларындағы негізгі бағыттарға тоқталып, нақты деректерді келтірді.



құрылысы басталғанын айтты. Жалпы ел бойынша мәдени нысандарды жаңғырту жұмыстары жалғасып жатқанын жеткізді.

Жастар саясатына қатысты Рустам Әли Қазақстанда 5,8 миллион жас бар екенін атап өтті. Алматы облысында 436 мыңнан астам жас тұрады. Оның айтуынша, соңғы жылдары NEET санатындағы жастар (оқымайтын, жұмыс істемейтін және кәсіби даярлықтан өтпейтін 15-34 жас аралығындағы жастар) саны айтарлықтай азайған. «Жастарды қолдау – біздің басым бағыттарымыздың бірі», – деді ол. Вице-министр мемлекеттік бағдарламалар арқылы жастарды жұмыспен қамту және тұрғын үймен қамтамасыз ету шаралары жүзеге асырылып жатқанын айтты.



«Наурыз» және «Отау» бағдарламалары арқылы 12 мыңға жуық жас баспанамен қамтылған, ал Алматы облысында «Алатау жастары» бағдарламасы бойынша 125 отбасы үйлі болған.

Азаматтық қоғамды дамыту мәселесіне тоқталған Рустам Әли елімізде 23 мыңнан астам үкіметтік емес ұйым тіркелгенін жеткізді. Оның айтуынша, қоғамдық кеңестер халық пен билік арасындағы маңызды диалог алаңы ретінде қалыптасқан. «Қоғамдық кеңестер – халықтың үні», – деді ол. Сонымен қатар ол волонтерлік қозғалыстың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Көрсеткіш мынадай: бүгінде елімізде 300 мыңға жуық ерікті бар, ал «Таза Қазақстан» бастамасына 90 мыңнан астам волонтер қатысып отыр.

Кездесу барысында дін саласындағы ахуал да қозғалды. Рустам Әли экстремистік мазмұндағы материалдардың таралуына қарсы жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын айтты. «Жыл басынан бері 3 мыңнан астам деструктивті материал бұғатталды», – деді ол. Сонымен қатар еліміз бойынша 228 ақпараттық-түсіндіру тобы жұмыс істейтінін және олар 17 мыңнан астам іс-шара өткізіп, 500 мыңға жуық адамды қамтығанын жеткізді.

Кездесу соңында тұрғындар бірқатар нақты мәселелерді көтерді. Атап айтқанда, Алатау қаласында мәдениет үйінің жетіспеушілігі, Талғар қаласында мұражайлардың жоқтығы, сондай-ақ спорт нысандарының тозып, жөндеуді қажет ететіні айтылды. Барлық сұрақтарға толықтай жауап берген Рустам Әли мырза әрі қарай азаматтарға жеке қабылдау өткізді.

Жеке қабылдауда көтерілген негізгі мәселелердің қатарында мәдени және спорттық нысандарды қалпына келтіру,

штабқа қатысты түйткілдер айтылды. Вице-министр бұл мәселелердің барлығы жергілікті атқарушы органдардың құзыреті аясында шешілуі тиіс екенін жеткізді.

Сонымен қатар тағы бір маңызды мәселе – ақпараттың жеткіліксіздігі болды. Бұл тұрғындардың өзекті сұрақтарға дер кезінде жауап ала алмауын білдіреді. Яғни, қандай жоба қолға алынғаны, оған қаражат бөлінген-бөлінбегені, жобаның қай кезеңде тұрғаны туралы мәліметтер халыққа уақытылы әрі толық жеткізілмейді.

Осыған байланысты Рустам Әли ауылдық округ тұрғындарымен, қоғам белсенділерімен, үкіметтік емес ұйымдармен және этнос өкілдері бірлестіктерімен жүйелі түрде жұмыс жүргізу қажеттігін атап өтті. Оның айтуынша, дәл осындай тұрақты байланыс орнатылған жағдайда тұрғындар барлық өзгерістер мен жоспарлар туралы дер кезінде хабардар болып отырар еді.

ҚАЛА ДАМЫҒАН САЙЫН ТАБИҒИ ОРТАҒА ЖҮКТЕМЕ КҮШЕЙЕДІ

Адамның таза әрі қауіпсіз ортада өмір сүруі – бүгінгі таңда тек экологиялық мәселе емес, конституциялық деңгейде бекітілген құндылық. Қазақстан Республикасының Конституциясы табиғи ортаны қорғауды мемлекет қызметінің басты бағыттарының бірі ретінде айқындайды, ал әрбір азаматтың қоршаған ортаға ұқыпты қарауы – ортақ жауапкершілік екені нақты көрсетілген.



Осы талаптар аясында қарқынды дамып келе жатқан өңірлердегі экологиялық жағдайды бағалау – жай статистикалық шолу емес, нақты саясаттың нәтижесін саралау болып табылады. Бұл тұрғыда Қонаев қаласының экологиялық ахуалына назар аудару маңызды.

Алматы облысы бойынша Экология департаментінің басшысы Бақытжан Молдахметов өңірдегі жағдайға қатысты ойын жан-жақты жеткізді.

«Қонаев қаласы бүгінде өңірдің туристік орталығына айналып келеді. Бұл – үлкен мүмкіндік, бірақ сонымен бірге үлкен жауапкершілік. Қала қарқынды дамып жатыр, ал кез келген қарқынды даму табиғи ортаға қосымша жүктеме әкеледі. Сондықтан біз экологиялық қауіптің ал-

дын алу мәселесіне ерекше назар аударып отырмыз», – дейді ол.

Сарапшының айтуынша, қазіргі ахуалды біржақты бағалау дұрыс емес. Бүгінде жағдай тұрақты деп есептелгенімен, бұл тұрақтылық салыстырмалы сипатқа ие.

Ең алдымен, маман Қапшағай су қоймасының жағдайына тоқталды. Оның сөзінше, бұл су айдыны тек Қонаев үшін емес, бүкіл өңір үшін стратегиялық маңызға ие.

«Соңғы жылдары демалушылар санының артуы жағалау аймақтарына айтар-

лықтай қысым түсіріп отыр. Кейбір азаматтардың жауапсыз әрекеттері – қоқыс тастау, белгіленбеген жерлерде демалу – экожүйеге кері әсерін тигізуде. Осыған байланысты біз жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, бақылауды күшейтіп, рейдтік шараларды жиілетіп, айыппұл санкцияларын қолдану жұмыстарын жүргізіп келеміз», – деді департамент басшысы.

Бұл мәселе тек тазалықпен шектелмейді. Сарапшының пікірінше, су экожүйесінің ұзақ мерзімді тұрақтылығы тікелей адам әрекетіне байланысты.

Келесі өзекті бағыт – қалдықтарды басқару жүйесі.

«Қазіргі таңда Қонаевта қоқысты сұрыптау және қайта өңдеу жүйесі толық қалыптаспаған. Бұл – тек инфрақұрылым мәселесі ғана емес, сонымен қатар қоғамның экологиялық мәдениетіне байланысты. Біз халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатырмыз, алайда бұл бағытта әлі де жүйелі әрі ұзақ мерзімді тәсіл қажет», – дейді ол.

Оның айтуынша, бұл саладағы өзгеріс тек мемлекеттік деңгейдегі шаралармен шектелмеуі тиіс. Нәтиже әрбір азаматтың жеке жауапкершілігімен тығыз байланысты.

Ауа сапасы да назардан тыс қалып отырған жоқ. Қонаевта ірі өндірістік кәсіпорындар болмағанымен, көлік санының артуы мен құрылыс қарқыны атмосфералық ортаға әсер етуде.

«Әсіресе жаз мезгілінде туристер ағыны көбейген кезде бұл мәселе айқын сезіледі. Сондықтан біз алдағы уақытта ауа сапасын тұрақты бақылау жүйесін жетілдіруді, мониторинг бекеттерінің санын арттыруды жоспарлап отырмыз», – деді Б.Молдахметов.

Сарапшы өңірдің экологиялық болашағы бүгін қабылданатын шешімдерге тікелей байланысты екенін ерекше атап өтті.

«Егер біз тек салдармен емес, себептермен күресетін болсақ, яғни жоспарлы даму, экологиялық нормаларды сақтау және қоғамның белсенді қатысуы қамтамасыз етілсе, онда қала тұрақты дамуының үлгісіне айнала алады», – деді ол.

Экология департаментінің мәліметінше, өңірде «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында бірқатар жұмыстар жүзеге асырылып жатыр. «Мөлдір бұлақ» акциясы ұйымдастырылып, сенбіліктер тұрақты түрде өткізіліп келеді. Сонымен қатар «Таза ауа» рейдтері арқылы автокөліктердің зиянды шығарындылары бақылауға алынуда.

Білім беру ұйымдарында экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Алдағы уақытта заманауи зертханалық-талдамалы бөлім іске қосылып, атмосфералық ауа сапасына тұрақты мониторинг жүргізу жоспарлануда.

Қонаевтағы экологиялық жағдай бүгінгі күні бақылауда болғанымен, қаладағы антропогендік жүктеме біртіндеп күшейіп келеді. Бұл үрдіс сақталған жағдайда табиғи тепе-теңдікті сақтау тек әкімшілік бақылаумен емес, нақты әрі жүйелі шешімдермен қамтамасыз етілуі тиіс.

Шолпан АРАЛҚЫЗЫ

АСПАНДЫ БАҒЫНДЫРҒАН БАЛАПАН: АЖАР СҰЛТАННЫҢ КІТАБЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

2026 жылдың 23 сәуір күні Қонаев қаласының кітапханасында Ұлттық кітап және кітапханашылар күніне орай ерекше рухани шара өтті. «Жас таланттың жарқын жолы» атты кеш аясында жас қаламгер Ажар Сұлтаннның «Аспанды бағындырған балапан» кітабының тұсаукесері ұйымдастырылды.

Аталған шараның басты мақсаты – жас қаламгердің шығармашылығын кеңінен таныстыру, кітапты оқырман қауымға насихаттау, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру болды. Сонымен қатар, бұл кеш жас таланттарды қолдау мен рухани құндылықтарды дөріптеуге бағытталды.

Кешке жергілікті зиялы қауым, ұстаздар, кітапханашылар, оқушылар мен оқырмандар қатысты. Шара барысында арнайы қонақтар таныстырылып, Алматы

облысы жазушылар одағының төрағасы Ержан Тоқтар жас қаламгерге жүрекжарды тілегін арнап, шығармашылық жолына сәттілік тіледі. Кеш барысында көрермендерге «Аспанды бағындырған балапан» кітабының буктрейлері ұсынылып, туындының мазмұны мен идеясы кеңінен таныстырылды. Сонымен қатар, кітаптың тұсауын Алматы облысы жазушылар одағының төрағасы Ержан Тоқтар, «Respublika» партиясының Алматы облыстық филиалының орынбасары Кабасов Бахтияр және Ажар Сұлтаннның



ұстазы Амреева Әлия Хамиқызы салтанатты түрде кесті, оған қатысқан зиялы қауым өкілдері авторға ақжарма тілектерін білдірді.

Шараның көркемдік бөлігінде №2 орта мектептің 2 сынып оқушысы Пірмұхамед Медина мен №3 орта мектептің 6 сынып оқушысы Әлімжан Айша әуезді әндерін орындап, Тулекова Шырайлым Саркытбекқызы жетекшілік еткен «Нұр-Бәбек» бөбекжай-балабақшасы бүлдіршіндері кітап желісі бойынша әсерлі көрініс қойды. Бүлдіршіндердің шынайы ойыны көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Кештің маңызды сәттерінің бірі – автор Ажар Сұлтан оқыр-

мандармен өз шығармашылығы туралы ой бөлісіп, кітаптың жазылу тарихына тоқталды. Сондай-ақ оның ата-анасы да сөз алып, ізгі тілектерін жеткізді.

Шара соңында кітапхана басшысы Актанова Айгүл Бегімбаевна қорытынды сөз сөйлеп, мұндай әдеби кездесулердің маңыздылығын атап өтті. Ол жас қаламгерге шығармашылық табыс тілеп, оның туындылары алдағы уақытта да оқырман жүрегінен орын табатынына сенім білдірді.

Жалпы, бұл кеш жас таланттың жарқын болашағына бағытталған маңызды қадам болды. Осындай мазмұнды кездесулер жас ұрпақты кітап оқуға баулып, олардың рухани дамуына оң ықпал ететіні сөзсіз.

М.УЛТАРАКОВА,
Кітапханашы

«МҰҚАҒАЛИ – МӘҢГІЛІК ЖЫР» КӨРМЕСІ ӨТТІ

Қонаев қаласында Ұлттық кітап күніне орай ұйымдастырылған рухани шаралар мазмұнды бастамалармен жалғасын тапты. Соның бірі – Қонаев қалалық кітапханасында өткен «Мұқағали – мәңгілік жыр» атты заманауи инсталляциялық кітап көрмесі. Қазақ поэзиясының заңғар тұлғасы, ақын Мұқағали Мақатаев шығармашылығына арналған бұл көрме оқырман қауымды ерекше әсерге бөлеп, әдебиет әлеміне жаңа тыныс сыйлады.

Аталған көрме Қонаев қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөліміне қарасты қалалық кітапхана ұжымының бастамасымен ұйымдастырылды. Шараның басты мақсаты – ақын мұрасын заманауи форматта насихаттау арқылы өскелең ұрпақтың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, ұлттық рухты нығайту және әдебиетке деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.

Көрменің ерекшелігі – дәстүрлі кітап көрмесінің шеңберінен шығып, инсталляциялық өнер элементтерімен толықтырылуында. Ақын жырлары көркемдік тұрғыда безендіріліп, поэзия мен зама-



науи көркемдік тәсілдер үйлесім тапқан кеңістікке айналған. Көрермен назарына ұсынылған 40-қа жуық туынды мен ерекше композициялар келушілерді Мұқағали әлеміне терең бойлатты.

Рухани кеш барысында орта мектеп-гимназиясының 4 «Ә» сынып оқушылары ақынның «Үш бақытым», «Әке», «Шешен бақыттысың», «Мен оның түнін сүйем» сынды жүрекке жылы тиетін өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Жас оқырмандардың шынайы орындауы ақын жырларының өміршеңдігін тағы бір мәрте дәлелдеп, көрермен көңілінен ерекше орын алды. Оқушыларды дайындаған жетекші Ә.С. Айтқожина бұл бастаманың тәрбиелік мәніне ерекше тоқталды.

Кештің ең әсерлі тұстарының бірі – ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты құнды жәдігерлердің көрмеге қойылуы болды. Арнайы Мұқағали Мақатаевтың әдеби-мемориалды музейі қорынан әкелінген экспонаттар оқырман қауымды ерекше әсерге бөледі. Олардың қатарында ақынның сырт киім-



дері, қолжазба қойын дәптері, замандас досы Мұхтар Шаханов тарту еткен қаламы, сондай-ақ жұмыс үстелінде пайдаланған баспа машинасы, сағаты мен телефоны бар. Бұл жәдігерлер келушілерді ақын өмір сүрген кезеңнің рухымен табыстырып, оның шығармашылық әлемін жақыннан тануға мүмкіндік берді.

Көрме барысында ұсынылған әрбір экспонат пен марапат, ақынның қолтаңбасы сақталған дүниелер оқырман үшін ерекше құндылыққа ие болды. Мұқағали поэзиясының тереңдігі мен адам жанына әсер ететін күші дәл осы кеште айқын сезілді.

Ұлттық кітап күні аясында өткен бұл тағылымды шара Қонаев қаласының рухани өміріндегі маңызды оқиғалардың біріне айналды. Кітап пен поэзияны ұлықтаған кеш жас буынға бағыт-бағдар беріп қана қоймай, оқырман мен әдебиет арасындағы байланысты нығайта түсті.

Фарида МЫРЗАҒАЛИЕВА,
Қонаев қалалық кітапханасының
оқырмандарға қызмет
көрсету бөлімінің меңгерушісі

ҚОНАЕВТА ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

Қоғамдағы әлеуметтік теңгерім – мемлекеттің ең нәзік әрі ең жауапты салаларының бірі. Әсіресе өңірлік деңгейде әлеуметтік көмектің нақты қалай жүзеге асып жатқаны – қағаздағы есеппен емес, халықтың күнделікті өмірімен өлшенуі тиіс. Қонаев қаласындағы ахуал да осы тұрғыдан қарауды қажет етеді.

Бүгінде қалада әлеуметтік қолдаудың бірнеше бағыты қатар іске асырылып отыр. Атаулы әлеуметтік көмек, көпбалалы отбасыларға төленетін жәрдемақылар, мүгедектігі бар азаматтарға берілетін төлемдер, жұмыссыздыққа байланысты қолдау және тұрғын үй көмегі – мұның бәрі әлеуметтік осал топтарды қорғауға арналған. Ресми деректерге сүйенсек, 2025 жылдың алғашқы тоқсанында 75 отбасы атаулы әлеуметтік көмек алып, оған 11,5 миллион теңге жұмсалған. Кепілдендірілген әлеуметтік пакет аясында 377 бала қамтылып, 1,5 миллион теңге бөлінген.

Тұрғын үй көмегі 13 отбасыға көрсетіліп, жалпы сомасы 331,9 мың теңгені құраған. Ал мүгедектігі бар балаларды үйде оқытуға арналған төлем 47 балаға

беріліп, бұл бағытқа 1,4 миллион теңге қарастырылған. Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы көрсетілген көмектер де белгілі бір деңгейде жүйеленген: 200 адам гигиеналық құралдармен қамтамасыз етілсе, 18 азаматқа кресло-арба, 28 адамға протездік құралдар берілген. Сонымен қатар 37 тұрғын санаторийге жолдама алып, 43 адам жеке көмекші қызметіне жүгінген.

Бұл – статистика. Ал сол көрсеткіштердің ар жағында нақты адам тағдыры тұрғанын ескерсек, мәселенің екінші қыры ашылады.

Қонаев қалалық мансап орталығының директоры Ернур Абдалиев әлеуметтік қолдау жүйесінің бүгінгі жай-күйін бағалай келе, оның негізгі түйткілдерін жасырмайды.

– Жүйе жұмыс істеп тұр, бірақ оны жетілдіру қажет. Азаматтардан түсетін өтініштердің көпшілігі құжат рәсімдеу барысындағы қиындықтар мен ақпараттың жеткіліксіздігіне байланысты. Біз осы бағытта цифрландыруды күшейтіп, түсіндіру жұмыстарын арттырып келеміз. Әрбір азамат өзіне тиесілі көмекті кедергісіз алуы тиіс, – дейді ол.

Шынында да, әлеуметтік көмек алу жолында кездесетін кедергілердің ең бастысы – рәсімдеу тәртібінің күрделілігі. Бір ғана жәрдемақы алу үшін бірнеше мекемеге жүгіну қажеттілігі азаматтарды әуре-сарсаңға салады. Кезек күту, анықтама жинау, талаптардың өзгеруі – мұның бәрі жүйенің тиімділігін төмендететін факторлар.

Тағы бір назар аударарлық мәселе – әлеуметтік қолдауға мұқтаж бола тұра, түрлі себеппен жүйеден тыс қалып отырған азаматтардың бар екендігі. Әсіресе бейресми жұмыс істейтіндер, табысын ресми түрде дәлелдей алмайтындар немесе қажетті ақпаратқа қол жеткізе алмаған тұрғындар көмекке қол жеткізе

алмай жатады. Бұл – әлеуметтік саясаттағы ең әлсіз тұс.

Сонымен бірге, қосымша әлеуметтік қолдау шаралары да жүзеге асырылып жатыр. Мәселен, туберкулезбен ауыратын 20 адамға 1,1 миллион теңге көлемінде көмек көрсетілген. Балабақша төлеміне 608, 2 мың теңге субсидия бөлінген. Мұндай қадамдар мемлекет тарапынан белгілі бір қамқорлықтың бар екенін көрсетеді.

Алайда мәселе көлемде емес, қолжетімділікте. Көмек бар, бірақ оған жету жолы күрделі болса, оның тиімділігі де күмән тудырады. Сондықтан әлеуметтік саясаттың негізгі бағыты – тек қаржы бөлу емес, сол көмекті алудың жолын жеңілдету болуы тиіс.

Бүгінде әлеуметтік қолдау жүйесі Қонаевта қалыптасқан құрылым ретінде жұмыс істеп тұр. Ендігі міндет – оны өмір талабына бейімдеу. Құжат айналымын оңтайландыру, цифрлық қызметтердің мүмкіндігін кеңейту, халықпен кері байланысты күшейту – осы бағыттағы нақты қадамдар болуға тиіс.

Шолпан АРАЛҚЫЗЫ



ЖАСТАР ТЕАТРЫНЫҢ ГАСТРОЛЬДІК ҚОЙЫЛЫМЫ АНШЛАГПЕН ӨТТІ

Қонаев қаласының мәдени кеңістігінде соңғы уақытта мазмұнды іс-шаралар жиілеп келеді. Солардың бірі – елордадан арнайы келген Астана қаласының Жастар театры ұжымының гастрольдік сапары. Театр көрерменге «Жанарымдағы жалғыз әуен» атты музыкалық қойылымын ұсынып, қала тұрғындарының зор қызығушылығын тудырды.

Жастар театры – еліміздің жас, бірақ қалыптасқан шығармашылық ұжымдарының бірі. Театр 2007 жылы Астана қаласы өкімдігінің қолдауымен құрылып, алғаш шымылдығын Шыңғыс Айтматов пен Әбіш Кекілбаев шығармалары негізінде сахналанған «Шыңғысхан» қойылымымен ашқан болатын. Содан бері ұжым республикалық және халықаралық фестивальдерге қатысып, бірнеше мәрте бас жүлделерді иеленіп, кәсіби деңгейін дәлелдеді.



Бүгінде театр репертуарында классикалық шығармалармен қатар заманауи қойылымдар да бар. Әсіресе музыкалық-поэтикалық бағыттағы спектакльдері көрермен тарапынан жоғары бағаланып келеді. Сол қатардағы туындылардың бірі – Қонаев сахнасында ұсынылған «Жанарымдағы жалғыз әуен» қойылымы.

Гастрольдік көшке жиналған көрермен қарасы көп болды. Қалалық мәдениет нысанында өткен қойылым аншлаппен өтіп, залда ине шаншар жер қалмады.

Іс-шара барысында Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Ануар Мұхтарханұлы сөз сөйлеп, өнер ұжымына өңір басшылығының ықыласын жеткізді. Ол мұндай гастрольдік сапарлардың өңірлер арасындағы мәдени байланысты нығайтудағы маңызына тоқталды.

Қойылымның мазмұны мен сахналық шешімі көрерменге ерекше әсер қалдырды. Музыкалық сүйемелдеу, актерлік



ойын мен режиссерлік тұжырымның үйлесімі шығарманың эмоционалдық салмағын арттыра түсті. Әсіресе жас актерлердің сахнадағы шынайылығы мен ішкі пластикасы спектакльдің негізгі өзегіне айналған.

Қойылымнан кейін көрермендер ұзақ уақыт тарқамай, әсерімен бөлісті. Қала тұрғыны Ермек Төлеуовтің айтуынша, мұндай гастрольдер өңір үшін аса маңызды:

– Бұрын мұндай деңгейдегі қойылымдарды көру үшін Астанаға немесе Алматыға бару керек болатын. Бүгін өз қаламызда көрдік. Театрдың деңгейі жоғары,

актерлер өте сенімді ойнады. Осындай қойылымдар жиі келсе, көрермен де қалыптасады, – деді ол.

Қойылымды тамашалаған көрермендердің қатарында әртүрлі буын өкілдері болды. Қала тұрғыны Айдана Қасымова бұл жолы театрға ата-әжесін ертіп келгенін айтты.

– Осындай қойылымға ата-әжемді арнайы алып келдім. Олар бұрын театрға жиі барған, бүгінгі қойылымды да қызыға қарап отырды. Бірге келіп, осындай кешті бірге өткізу біз үшін ерекше болды, – деді ол.

Аян ҚОНАРОВ

ALATAU HUB АЛАҢЫНДА ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ ТМӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



2026 жылғы 28 сәуірде Alatau Hub алаңында цифрлық дағдыларды дамытуға, стартап-экожүйеге және жасанды интеллект мүмкіндіктеріне арналған оқыту іс-шарасы өтті. Бастаманың негізгі мақсаты – қатысушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру және заманауи технологиялық трендтер туралы ақпарат беру болды.

Іс-шараға 40-тан астам адам қатысты. Олардың қатарында «AMANAT» партиясының Әйелдер қанатының өкілдері, IT-қоғамдастық мүшелері, бизнес және қоғамдық ұйым өкілдері, сондай-ақ Алматы облысының түкпір-түкпірінен келген студенттер бар. Қатысушылар цифрлық трансформацияның өзекті бағыттарымен танысып, жаңа білім алып, өзара тәжірибе алмасты.

Бағдарлама аясында Alatau Hub директоры Жұмахан Жазира «Цифрлық сауаттылық – бәсекелік артықшылық» тақырыбында воркшоп өткізді. Баяндамада цифрлық трансформацияның негізгі аспектілері, стартаптарды дамыту тетіктері және Astana Hub экожүйесінің өңірдегі технологиялық командалар мен кәсіпкерлерге ұсынатын нақты мүмкіндіктері қамтылды. Қатысушылар тек теориялық ақпарат алып қана қоймай, өз саласына

қарамастан цифрлық экономикаға кірудің нақты жолдарын көре алды.

Бағдарламаның ерекше бөлігі ретінде шақырылған сарапшы – TwinMind компаниясының бұрынғы AI-инженері Жұлдыз Жапар сөз сөйледі. Оның «Жасанды интеллект: мүмкіндіктері, шектеулері және шынайылығы» тақырыбындағы баяндамасы AI дамуының негізгі трендтерін, оның практикалық әлеуетін және қолдану шекараларын қамтыды. Спикер халықаралық деңгейдегі нақты жобалар барысында жинақтаған тәжірибесімен және кейстерімен бөлісті. Көптеген қатысушылар үшін бұл шетелде нақты AI өнімдерімен жұмыс істеген маманмен алғашқы тікелей байланыс болды.

Іс-шараны өткізу цифрлық технологияларды кеңінен насихаттауға, өңірдегі IT-қоғамдастықты нығайтуға және технологиялық ойлау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Мұндай бастамалар оқытуға, тәжірибе алмасуға және инновациялар мен жасанды интеллект саласында кәсіби дамуға қолайлы орта қалыптастырады. Alatau Hub-тың жүйелі жұмысы Алматы облысын цифрлық болашаққа ұмтылғандар үшін тартымды орталыққа айналдырып келеді.

Ерлік КЕБЕКБАЙ



БИЛЬЯРДТАН ЖАРЫС ӨТТІ

Қазақстан халқының Бірлігі күні қарсаңында Қонаев қалалық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен қалалық өкімдіктің қолдауымен бильярдтан ашық турнир болып өтіп, оған алпыс жастан асқан 28 ардагер қатысты. Турнирдің мақсаты-салауатты өмір салтын кеңінен насихаттау, ардагерлердің абыройын асқақтату, жастарға үлгі көрсету және бұқаралық спортты дамыту.

Іс-шараны Қонаев қалалық өкімдігі денешынықтыру және спортты дамыту орталығының директоры Асқат Дәулетжанұлы мен қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Базарбай Оралбаев құттықтау сөзбен ашып, жарысқа қатысушыларға ізгі тілектерін білдірді.

Жарысқа қатысушылар 60-70 жас аралығы және 70 жастан асқандар болып екі топқа бөлініп, 8 бильярд үстелінде жарыс көрігін қыздырса, оларға Мұрат Жазиев әділ төрешілік етті.

Өте тартысты өткен турнир қорытындысы бойынша бірінші орынды Алматы облыстық Ауған соғысы ардагерлері одағының төрағасы Қанат Молдабергенов, екінші орынды Еркін Жақсатаев, үшінші орынды Евгений Ким иеленді. Турнир жеңімпаздары арнайы кубокпен, дипломмен және сыйлықтармен марапатталды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ҚАЛАМГЕР ҚАЗЫНАСЫ – ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ



23 сәуірде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен бекітілген Ұлттық кітап күні кітапханашылардың кәсіби мерекесімен тұспа-тұс келіп, еліміздің рухани өміріндегі жаңа белесті тағы бір мәрте айқындап берді. Осыған орай Қонаев қалалық Қасым Қайсенов атындағы №4 орта мектепте «Ақын, сазгер және кітапхана» әдеби-сазды кеш өтті. Рухани кешке облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім басшысы Төлеужан Ғұмар, Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының төрағасы Ержан Тоқтар, қалалық білім бөлімінің бас маманы Айдана Аманжол және жергілікті қаламгерлер қатысты.

Кітапханашылар мен қаламгерлер арасында байланыс орнату мақсатындағы шараны

ашқан Ержан Тоқтар мен Айдана Аманжол жиналғандарды Ұлттық кітап күнімен құттықтап, аталған білім ордасының мұғалімі, сазгер Жанатбек Рахымжанұлының жергілікті ақындардың сөзіне жазылған «Қапшағай толқындары-2» атты балаларға арналған ән жинағының тұсаукесер рәсімін жасады.

Кешке жиналғандарды мерекемен құттықтаған Төлеужан Нүсіпжанұлы кітап оқудан жалықпауға үндесе, ақын Берік Баилов өзін кітап оқуға және өнерге баулыған ұстазы Гүлстан апайын әлі күнге дейін есінен шығармайтынын айтты. Сонымен қатар Қазақ журналистикасының қайраткері, жазушы Зарыққан Есілбаев Балқаш аудандық «Балқаш еңбеккері» газетінде жұмыс істеп жүргенде 1992 жылы 8 қаңтар күні Бақанас ауылында өткен Дінмұхамед Қонаевтың 80 жылдық мерейтойында ұлы адамнан сұхбат құрып, қолтаңба алғаны жайлы әңгімелей келе, 2020 жылы «Дінмұхамед Қонаев және Балқаш елі» кіта-

бына архивтік деректерді қалай жинақтағаны жайлы айтып берді.

– «Ақкөл көтерілісінің ақиқаты» атты кітабымды 30 жыл бойы жазуыма тура келді. 1986 жылы көнекөз қариялармен сұхбаттасып, Ақкөл көтерілісі жайлы зерттеу жұмысын жүргізе бастаған тұста газетке мақала жариялаған едім. Сол кезде Балқаш аудандық Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бастығы кабинетіне шақырып алып, аталған көтеріліс туралы айтуға да, жазуға болмайтынын қатаң ескертіп, ол жайында ешкімге тіс жармайтын жөнінде қолхат жаздырып алды. Еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін 1992 жылы зерттеуімді әрі қарай жалғастырдым. Бұл кітапты жазып шығу маған өте қиынға соқты. Көтерілісшілердің және аштықтың тауқыметін тартқан ата-әжелеріміздің тағдыры жайлы жазған кезімде көзімнен жас тамып отырды. Сонымен бірге «Іле-Балқаштың тұңғыш болысы» кітабын жазу үшін екі жылға жуық архивте тапжылмай отырып деректер жинақтадым. Жалпы, менің кітаптарымның көпшілігі архив материалдарына сүйеніп жазылған, деп Зарыққан Әбілқасымұлы аталған екі кітабын білім ордасының кітапханасына сыйға ұсынды.

Ақын Бижамал Тұрсынқызы өзінің өлең арқылы қала басшыларына сөзін өткізгеніне бірнеше мысал келтірді. Ақын Ізтілеу Тойшыбайұлы әуесқой спортшы әрі жанкүйер екенін айта келе, бірнеше кітабын мектеп ұжымына табыс етті. Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, ақын Алтыншаш Жақиянова өскелең ұрпақ үшін 20-дан астам кітап шығарғанын, көз майын тауысып жазған туындыларын мектеп оқушыларының да оқитынына сенімді екенін жеткізді. Өзге еріптестері секілді кітабын тарту етпейтінін, бірақ оқуға кеңес беретінін айтты.

Ақын-жазушылар мен оқушылар арасындағы сұрақ-жауаптан кейін «Қаламгер қазынасы» атты кітап көрмесі көпшілік назарына ұсынылды. Бұл көрмеде қонақ авторлардың шығармалары қойылып, әр кітапқа қысқаша мәлімет берілгенін айта кеткен жөн. Сахна төрінде қаланың әр мектебінен келген оқушылар кешке қатысқан ақындардың өлеңдерін жатқа оқып, поэзия әлемінің шымалдығын желпіді.

Назгүл НҮРСЕЙІТ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі



ТЕРІНІҢ САҢЫРАУҚҰЛАҚ АУРУЛАРЫ: САҚТАНУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ

Терінің саңырауқұлақ аурулары (микоздар) – бұл микроскопиялық саңырауқұлақтар тудыратын жұқпалы дерт. Бұл ауру тек теріні ғана емес, тырнақ пен шашты да зақымдауы мүмкін. Саңырауқұлақтар ылғалды әрі жылы ортада тез көбейетіндіктен, гигиена ережелерін сақтамау дерттің өршуіне басты себеп болады.

Негізгі жұғу жолдары

Саңырауқұлақ инфекциясы келесі жағдайларда жұғады:

- Тікелей қарым-қатынас: Ауру адаммен немесе жануармен жанасқанда.
- Ортақ заттар арқылы: Басқа адамның аяқ киімін, киімін, сүлгісін, тарағын немесе маникюр құралдарын пайдаланғанда.
- Қоғамдық орындарда: Бассейндерде, моншаларда, спорт залдары мен жағажайларда жалаң аяқ жүргенде.

Алдын алудың 5 алтын ережесі

- Ауруды емдегеннен көрі, оның алдын алған әлдеқайда оңай. Төмендегі қарапайым ережелер сізді инфекциядан қорғайды:
- 1. Жеке гигиенаны сақтау

Ешқашан біреудің аяқ киімін кимеңіз және жеке сүлгіңізді пайдаланыңыз. Душқа түскеннен кейін денені, әсіресе саусақ аралықтарын құрғатып сұрту өте маңызды, себебі ылғал орта – саңырауқұлақтардың «үйі».

2. Дұрыс аяқ киім таңдау

Аяқ киіміңіз тар болмауы керек. Табиғи материалдардан (былғары, мата) жасалған, ауа өткізетін аяқ киімдерге басымдық беріңіз. Синтетикалық шұлықтардан бас тартып, мақтадан жасалған бұйымдарды киген жөн.

3. Қоғамдық орындардағы сақтық

Бассейнге, моншаға немесе жаттығу залының киім ауыстыратын бөлмесіне барғанда міндетті түрде өзіңіздің резеңке

тәпшігіңізді (тапочки) киіңіз. Жалаң аяқ жүруден аулақ болыңыз.

4. Аспаптарды дезинфекциялау

Сұлулық салондарына барғанда шебердің құралдарының зарарсыздандырылғанына көз жеткізіңіз. Мүмкіндік болса, жеке маникюр жиынтығын пайдаланыңыз.

5. Имунитетті нығайту

Саңырауқұлақтар көбінесе имунитеті төмендеген ағзаға тез жабысады. Дұрыс тамақтану, жеткілікті ұйқы және дәрумендердің теңгерімі теріңіздің қорғаныс қабілетін арттырады.

Қашан дәрігерге көріну керек?

Егер теріңізде келесі белгілер пайда болса, өз бетіңізше емделмей, дерматолог маманына жүгінгеніңіз абзал:

1. Терінің қатты қышуы және қабыршақтануы.
2. Тырнақтың түсінің өзгеруі (сары, сұр немесе қоңыр түс).
3. Тырнақтың қалыңдауы немесе үгітілуі.
4. Саусақ арасындағы жарықтар мен көпіршіктер.

Есіңізде болсын: Саңырауқұлақ аурулары өздігінен кетпейді. Уақытылы басталған ем – тез жазылудың және жақындарыңызға жұқтырмаудың кепілі.

Денсаулығыңыз өз қолыңызда!

Н.Медетов,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысы

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ — БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ҚҰРАЛЫ

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алу мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін қамтамасыз етудің негізгі тетіктерінің бірі болып табылады. Сатып алу арқылы мемлекеттік функцияларды іске асыруға, бюджеттік бағдарламаларды орындауға және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға қажетті тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер алынады. Мемлекеттік органдар үшін сатып алу жүйесі олардың күнделікті қызметін уақытылы әрі сапалы қамтамасыз етудің маңызды құралы болып саналады.

Алматы мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі ретінде өз қызметінде мемлекеттік сатып алуды тиімді ұйымдастыру, заңнама талаптарын сақтау және бюджет қаражатын ұтымды пайдалану мәселелеріне ерекше назар аударады. Бұл жұмыс жоғары жауапкершілікті, рәсімдердің әр кезеңін мұқият қарауды және шарттық міндеттемелердің орындалуын тұрақты бақылауды талап етеді.

Аталған саланың құқықтық негіздері 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңымен реттеледі. Заңның 3-бабына сәйкес,

мемлекеттік сатып алу заңдылық, әділдік, ашықтық, жариялылық, адал бәсекелестік және бюджет қаражатын тиімді пайдалану қағидаттарына негізделеді.

Заңның 5-бабына сәйкес, мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электрондық форматта жүзеге асырылады. Бұл барлық әлеуетті өнім берушілер үшін рәсімдердің қолжетімділігін қамтамасыз етіп, әкімшілік кедергілерді азайтады және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетеді. Сондай-ақ бұл сатып алу қызметінің ашықтығын және бизнестің мемлекеттік сатып алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік сатып алу жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – кәсіпкерлік үшін тең мүмкіндіктер жасау. Заңның 13-бабына сәйкес, әлеуетті өнім берушілер белгіленген біліктілік талаптарын сақтаған жағдайда сатып алуға қатысуға құқылы. Бұл бәсекелестікті дамытуға, отандық тауар өндірушілерді қолдауға және экономикалық белсенділікті кеңейтуге ықпал етеді.

Заңда міндеттемелерді бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі де көзделген. Өнім берушілер жасалған шарттардың талаптарын тиісінше орындауға міндетті, ал тапсырыс берушілер

сатып алуды жоспарлау, өткізу және нәтижелерін қабылдау кезінде заңнама талаптарын сақтауы тиіс. Сонымен қатар, бюджетті атқару және міндеттемелерді орындау тәртібі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 30 мамырдағы №272 бұйрығымен бекітілген Бюджетті атқару және оған қас-салық қызмет көрсету қағидаларымен реттеледі.

Қазіргі уақытта мемлекеттік сатып алу жүйесі одан әрі жетілдірілуде: бақылаудың цифрлық құралдары енгізілуде, рәсімдердің мерзімдері қысқартылуда, процестерді автоматтандыру деңгейі арттырылуда.

Осылайша, мемлекеттік сатып алу мемлекеттік қаржыны тиімді басқарудың, бизнесті қолдаудың және бюджет қаражатын пайдаланудың ашықтығын қамтамасыз етудің аса маңызды құралы болып табылады, ал жергілікті жерлердегі мемлекеттік органдардың кәсіби жұмысы осы міндеттердің табысты іске асырылуына ықпал етеді.

Ж.Н.ИНКЕРБАЕВ,
Активтерді басқару
бөлімінің бас маманы

ПОЧЕМУ ВСЁ БОЛЬШЕ ДЕТЕЙ ИДУТ В КАЗАХСКИЕ КЛАССЫ: ИСТОРИЯ ДВУХ УЧЕНИЦ



В Конаеве всё чаще можно встретить детей, для которых казахский язык – не просто школьный предмет, а часть повседневной жизни. Причём речь идёт не только о казахских семьях. Всё больше родителей из разных этносов сознательно выбирают для своих детей казахские группы и классы.

История Любы Краснобаевой и Софьи Синицыной – из числа тех, что наглядно показывают: язык перестаёт быть «чужим», если с ним знакомят вовремя.

Решение отдать детей в казахскую среду родители приняли задолго до школы. Владимир Краснобаев и Вероника Синицына, а также Надежда – мама Софьи – выбрали для девочек казахскую группу детского сада «Ақдидар». Тогда это решение давалось не без сомнений: дома – русский язык, в садике – казахский.

Первые месяцы были непростыми. Девочки не сразу понимали речь, отвечали, смешивая два языка. Но именно в этот период закладывалась база. Воспитатели Әйгерім Асқанбаева и Аида Базарбаева не просто учили словам – они помогли детям не бояться говорить.

– Сначала они говорили вперемешку, но быстро втянулись. Люба особенно быстро начала понимать и говорить, – вспоминает Аида Базарбаева.

Любовь с самого начала выделялась активностью: вела утренники, участвовала в конкурсах, брала на себя роль ведущей на

праздниках. Ответственность, организованность и уверенность помогли ей быстро адаптироваться в новой языковой среде.

Софья, напротив, была более мягкой и сдержанной. Но при этом внимательной и усидчивой. Воспитатели отмечают её аккуратность, чувствительность и творческое восприятие.

В работе с девочками педагоги использовали игровые методики, логические задания и индивидуальный подход. Это позволило не просто выучить язык, а постепенно начать мыслить на нём.



Переход в школу стал следующим испытанием – уже для родителей.

– Когда подавали документы в казахский класс, честно говоря, переживали, – признаётся Вероника Синицына.

В первые два года приходилось помогать с уроками, пользоваться онлайн-переводчиками. Но уже к третьему классу ситуация изменилась.

Девочки начали справляться сами.

Без подсказок.

Без перевода.

Классный руководитель Алмагуль Жестенқызы вспоминает, что сначала была удивлена, увидев в списке русские имена.

– Подумала, что документы попали по ошибке. Но оказалось, родители осознанно выбрали казахский класс. И результат себя оправдал, – говорит она.

По её словам, Любовь – одна из самых сильных учениц класса. Она грамотно читает и пишет, всегда готова к урокам, активно участвует в жизни школы и города.

Её достижения – не случайность.

Любовь заняла второе место на городском конкурсе научных проектов «Зерде», стала победителем республиканских конкурсов «Бояулар құпиясы» и «Абай оқулары», а также призёром конкурса «Шабтық толы өлем».

С семи лет она занимается вокалом в творческом центре «Асыл». Её талант уже отмечен



на международном фестивале «BEST-STARS-ALMATY» и республиканском конкурсе «Алматы облысы жұлдыздар өлемі».

– Она очень активная, всегда участвует в мероприятиях. Особенно хорошо исполняет народные песни, – отмечает заместитель директора школы Қаламқас Дәулетқызы.

Софья тоже уверенно заявляет о себе. Она занимает призовые места в интеллектуальных и творческих конкурсах, включая олимпиаду «Ақбота» и конкурс «Балауса». В танцевальных выступлениях на областном и международном уровнях она также становилась призёром, исполняя танец «Цыган».

Воспитатель Әйгерім Асқанбаева вспоминает:

– Люба с детства проявляла лидерские качества. Быстро адаптировалась, не боялась сцены. Софья более мягкая, но очень глубокая, творческая.

Сегодня девочки уже не нуждаются в помощи при выполнении заданий. Казахский язык стал для них рабочим инструментом – в учёбе, творчестве, общении.

Сама Любовь говорит об этом так:

– Я начала учить казахский язык ещё в детском саду. Воспитатели очень помогли. В третьем классе уже всё понимала. Сейчас заканчиваю четвёртый класс. Учительница Алмагуль апай объясняет очень понятно и помогает участвовать в конкурсах. Я хочу стать воспитателем – как мои апай.

Такие истории сегодня перестают быть исключением.

Когда родители делают выбор не из необходимости, а из понимания, меняется многое. Язык становится не барьером, а возможностью.

И, возможно, именно в таких классах – без лишних лозунгов – формируется то самое единство, о котором принято говорить с трибун.

Дина АМИРОВА

Утерян вид на жительство на имя Ысакбаева Ырыскелди Нургазыевича, утерянный в г. Конаев, мкр. 2. Считать недействительным.

Утерян вид на жительство на имя Ильгелдиевой Гулзады Абдурахмановны, утерянный в г. Конаев, мкр. 2, в районе магазинов. Считать недействительным.

Утеряна пенсионное удостоверение офицера запаса на имя Салехова Александра Абдулхаковича просим при обнаружении документа вернуть за вознаграждение. Телефон 8 777 677 07 88

1 «Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату» тақырыбына қоғамдық тыңдау
2. Әсер ету аумағы: Алматы обл., Алатау қ., өнеркәсіптік аймақ, №137/1 «Арна» учаскесі
3. Қоғамдық талқылау нысанындағы қоғамдық тыңдаулар 14.05.2026 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде өтеді. Интернет ресурстары: ndbecology.gov.kz
4. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Софарма Казахстан» ЖШС. Әкілі: Ким Евгения Викторовна Байланыс телефоны: 8 747 500 40 30
5. Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі материалдар сайтта орналастырылған: esportal.kz және «Алматы облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ
6. Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату материалдары бойынша қосымша ақпаратты мына мекенжай мен нөмір бойынша алуға болады: Алматы қ., Егізбаев көшесі, 3, 9 корпус, 298 кеңсе, Тел.: 8 747 5004030
7. Ескертулер мен ұсыныстар мына сілтеме бойынша қабылданады: ndbecology.gov.kz және электрондық поштаға gkp_proekt@mail.ru

1 Общественные слушания на тему «Утилизация медицинских отходов»
2. Территория воздействия: Алматинская обл., г. Алатау, промышленная зона, участок «Арна» №137/1
3. Общественные слушания в форме публичной дискуссии состоятся в период с 14.05.2026 г. в течении 10-ти рабочих дней. Интернет ресурсы: ndbecology.gov.kz
4. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Софарма Казахстан». Представитель: Ким Евгения Викторовна Байланыс. Контакт: тел. 8 747 500 40 30
5. Материалы по утилизации медицинских отходов размещены на сайте: esportal.kz и ГУ «Управление природными ресурсами и регулирование природопользования Алматинской области»
6. Дополнительную информацию по материалам утилизации медицинских отходов можно ознакомиться по адресу и номеру: г. Алматы, Ул. Егізбаева 3, корпус 9, офис 298, тел: 8 747 5004030
7. Замечания и предложения принимаются: по ссылке ndbecology.gov.kz и на электронную почту gkp_proekt@mail.ru

Ввиду открытия наследство после смерти гражданки КУШЕРБАЕВОЙ РУМЬЯ КАЛИМОВНЫ, умершей 08.04. 2026 года, просим всех наследников обращаться к нотариусу Уразбаеву Алмасу Хамидуллаевичу по адресу: г. Конаев, 1 мкр., дом 13 или по телефону: 87772567807

Ввиду открытия наследство после смерти гражданина КУЗНЕЦОВА АЛЕКСАНДРА ВАЛЕРЬЕВИЧА, умершего 13.12. 2025 года, просим всех наследников обращаться к нотариусу Уразбаеву Алмасу Хамидуллаевичу по адресу: г. Конаев, 1 мкр., дом 13 или по телефону: 87772567807

Ввиду открытия наследство после смерти гражданки БЕЛИК ЛЮДМИЛЫ ГЕОРГИЕВНЫ, умершей 12.04. 2026 года, просим всех наследников обращаться к нотариусу Уразбаеву Алмасу Хамидуллаевичу по адресу: г. Конаев, 1 мкр., дом 13 или по телефону: 87772567807

Ввиду открытия наследства после смерти ггражданки ПАТАРОВОЙ ЛЮДМИЛЫ ЯКОВЛЕВНЫ, умершей двадцать пятого января две тысячи двадцать шестого года, наследникам обращаться к нотариусу Бахтияровой А.С., по адресу: город Конаев, 4-ый микрорайон, дом 30, справки по телефону 87017887058

Ввиду открытия наследство после смерти гражданки ЖАНДАУЛЕТОВОЙ РАПЫШ, умершей 7 ноября 2025 года, просим всех наследников обращаться к нотариусу Ахметову Еркему Ануаровичу по адресу: г. Конаев, 2 мкр., дом 16, кв.38 или по телефону: 87078353000

Ввиду открытия наследства после смерти гражданки СУХОУКОВОЙ НИНЫ ГЕОРГИЕВНЫ, 11.10.1948 года рождения, умершего 20.01.2026 года, наследникам, и другим возможным претендентам на наследство, следует обратиться к нотариусу нотариального округа Алматинской области Тимошенко Ирине Ивановне, по адресу: Алматинская область, г.Конаев, ул. Достык, д. 4, оф. 11, в срок до 20 июля 2026 года. Тел. 8-777-576-99-30

Разыскиваются наследники гражданина САТКАНБАЕВА ЯКУПБАЯ, умершего 02 апреля 2026 года. Заявления о принятии или об отказе от наследства будут приниматься до 02 октября 2026 года по адресу: Алматинская область, город Конаев, 4-ый микрорайон, дом 29, Нотариус Бахтияров Азамат Сейткожаевич. Телефоны для справок: 87788904242

2025 жылдың 11 қарашасында қайтыс болған азамат КАСЫМБЕКОВ САПАРАЛЫ ТАЛИПОВИЧТИҢ мұрагерлері іздеуде. Мұрагерлерден мұрадан бас тарту немесе қабылдау туралы арыздар Алматы облысы, Қонаев қаласы, 4-ші шағын ауданы, 29 үй- мекенжайы бойынша 2026 жылдың 11 мамыр айына дейін қабылданады. Анықтама телефоны: 87788904242, жеке нотариус Азамат Сейткожаұлы Бахтияров.

Меншік иесі: «Қапшағай тынысы» ЖШС

Директор: Дәулет ЖОЛДАС

Бас редактор: Назерке ИНАҚЫНОВА

Бас маман: Аян ҚОНАРОВ, +7 707 612 68 90

Заңгер: Адайбек БЕЙІМБЕТОВ

Редакция мекенжайы:

Қонаев қ., 3-шағын аудан, 34 үй, 040800.

Электронды поштамыз: nurliolke@mail.ru

Көлемі 2 баспа табақ.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2023 жыл 3 ақпанда қайта тіркеліп, №КЗ87VPY00064035 куәлігі берілген.

- Газет қазақ, орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.
- Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Кейбір мәтінге қатысы жоқ суреттерге жауап берілмейді.
- Газет редакциясы авторлармен хат алыспайды. Мақалалар өңделеді, авторларға қайтарылмайды. «Нұрлы өлке» газетінде жарық көрген мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
- Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

Газет «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шықты.

Алматы обл., Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, С.Сейфуллин к-сі 2 «В», Тел. 8 701 712 01 73.

Таралымы – 5135 дана.